

*Жетпісбаева М.С.,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, доцент м.а.
Ошақбаева Ж.Б.,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институты, жетекші ғылыми қызметкер*

ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ ӨТУДІҢ МӘДЕНИ-ӨРКЕНИЕТТІК МАҢЫЗЫ

Культурно-цивилизационный смысл перехода казахского алфавита на латинскую графику

Бүгінгі даму үрдістерінің жалпыға бірдей жаһандану мен жаңғыру заманындағы кез келген мемлекет, қоғам, халық үшін ұлттық (этностық) өрлеудің жандануына бағытталған өзінің шынайы ашық мәдени саясатын тиімді түрде іске асыруы әрі құрастыруы бірінші кезектегі мәселе. Өркениеттің гуманитарлық сұхбатының қарыштап дамып жатқан ғаламдық үрдістерінің арқасында Қазақстан өзінің мәдениетін қадір тұтып қана қоймай, жаһан мәдениетінің негізін біліп, құрмет тұтатын әрі үзеңгілес сұхбат жүргізіп, мәдени мұраларымен алмаса білетін тең дәрежелі әріптес ретінде де өз орнын алды.

Тіл адамзат тарихында әлеуметтік өзара әрекетпен бірге байланысып жатыр. Бұл өзара әрекетке тән ерекшелік адамдардың ұжымдық ынтымақтастығының олардың мінез-құлқына өзгеше ықпал етуі болып табылады. Қазақ тілі – әлемдегі мағынаға бай, сөздік қоры басым, бойына көне мәдениеттің сарқытын жиған көркем тілдердің бірі әрі бірегейі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес. Ол тарихи және мәдени-ағартушылық мазмұнға ие.

Қазақ сөз өнерінің түп тамыры ерте замандардан басталады. Өз дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз орта ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар тудырды. Көне түркі жазуымен тасқа қашап жазылған «Орхон-Енисей» жазуларының мазмұн байлығы, ой тереңдігі көне түркілердің сөз өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын дәлелдейді. Ержүрек қолбасы Күлтегіннің, мемлекет қайраткері Тоныкөктің құлпытасына қашалған көркем бейнелі, қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер осының айғағы.

XX ғасырдың басында қазақ тілі шұбарлана бастады. Отаршылдықтың зардабы алдымен тұрмысқа, сол арқылы тілге, тілден рухқа кесел болып, ұлтшылдық сезімін әлсірете бастады. Алаш зиялылары тіл мәселесін көтеріп, сөз туралы ұрпағына асыл мұраларын қалдырды. Қазақ тілінде кітап жазып, қазақ тілінің негізін жасаған, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам Ахмет Байтұрсынов еді. Ол: «қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз оқу програмы жоқ... Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа

тарату – өз міндетіміз» [1], - деп қазіргі кездегі терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

Қоғамның тіл мәселесін шешуі – адамзат қоғамына тән заңдылық. Тарихқа көз жіберсек, талай тілдің өмірден өшіп, «өлі тілге» айналғанын білеміз. Себебі, тілге бап керек, бабы табылмаса тілдің қоғамдық қызметі тарылып, біртіндеп қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Сондықтан тілге мемлекет тарапынан қамқорлық керек, сонда ғана кез-келген құрып бара жатқан тілдің өрісі кеңейіп, жандана түседі. Ендігі маңызды дүние – ана тіліміздің жазылуының тепе-теңдігін табу. Латын әрпінде қазақша жазылатын хат тілдің заңдылығын сақтай отырып, жазылудан бөлек, бойына онтологиялық бірізділікті сақтау, қазақтың сөздік қорын пайдалануға бейімделу және тың мағыналық мазмұн мен ұғымдарды үлгілеуді біріктіруі қажет.

Кез келген тілдің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіліп келген жазылмаған заңдылығы бар. Ол – тілдің жаратылысы, оның мәдениетінің тарихынан бөлектенбеуі керек. Өйткені біз белгілі бір халықтың тілінде сөйлеу арқылы сол ұлттың мәдениеті мен руханиятынан хабар береміз. Бұл заңдылық барлық ұлт пен ұлыстың тілдік мәдениетіне тән. Сондықтан да тіл мәселелері қашан да өзекті және үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өркениеттік тұрғыдан қарағанда қазіргі латынға өту бір жағынан әлемдік жетекші өркениеттер талабы. XX ғасырдың басы мен мен ХХІ ғасырдың басындағы латын жазуына өту мүмкіншіліктері де әлемдік саясат немесе «ортақтандыру» мақсатында болып отыр. Арасында аздаған айырмашылықтар болғанымен ұқсас тұстары басым.

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл т.б. әліпбилер әрқашанда көптеген тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамдық ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механикалық тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай графикалық жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, латын, кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық жүйесіне лайықтап беруде болып отыр. Әсіресе, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді.

Латын графикасы қазақ тілі үшін мүлде бейтаныс жүйе емес. Қазір біз бір есептен латын графикасы негізіндегі бұрынғы әліпбиімізге, кейбір өзгерістермен қайта оралмақпыз. Әрине ол кездегі жағдай мүлде басқа еді. Қазір қазақтардың әліпби таңдауы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, өтпелі кезеңнің өткелектерінен өтіп, тұрақты даму жолына түскен жағдайда жүзеге асқалы отыр. Мұндай мәдени-әлеуметтік шаралардан пиғылы теріс саясатшылар «орыстан кету», «батысқа бодан болу» деп саяси астар іздеп

әсіресаясиланған факторды алға тықпаламақ болады. Ал жағдайдың өзі шын мәнінде лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік факторлардың бірінші орынға тұрғанын көрсетіп отыр.

Латын әліпбиіне көшу – бүгінгі қазақ қоғамының ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [2] атты бағдарламалық мақаласы жарияланғалы бері ел мен жер үшін, туған тіл мен салт-дәстүр, өзге де маңызды құндылықтар үшін жасалып жатқан игілікті шаралар аз емес. Елді, ұлтты рухани жаңғырту мен болашаққа бастаудың аса маңызды тетіктері де тіл мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан қазақ тілін заман талабына сай жаңғыртуымыз керек. Бұл әрбір жаңа дәуір тұсында міндетті түрде болатын құбылыс. Сондықтан қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге тіл ішілік және тілден тыс факторлардың, заманның сұранысынан туған табиғи құбылыс ретінде күдікпен емес, үмітпен қарап, оның оңтайлы жолын қарастырғанымыз жөн. Әліппе таңдау, емле жасау – шындығында, арнайы лингвистикалық білімді қажет ететін ғылыми мәселе.

Жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70 пайызы латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім мен ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді.

Латын әліпбиінің мәселесі қоғамда белгілі бір дәрежеде қазақ тіліне деген қызығушылықты арттырды. Өйткені көптеген елдерде қолданылып жүрген латын әліпбиінің таңбасы ешкімге де жат емес. Көз үйренген таңба. Оған өзіміз күнделікті өмірде қолданып, пайдаланып жүрген техникалардың да тигізер әсері мол. Барлық жазулар, өзіміз жиі айтатын әлемдік брендтер латын әліпбиімен таңбаланады. Ендігі кезекте ана тіліміздің де жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, дүниежүзілік ақпараттық кеңістікте латын әліпбиінің негізінде қолданыс табатын болса, бәсекеге қабілеттілік дегеніміз осы болып шықпай ма. Қазақ тілін тар аяда ұстауға болмайды. Ол міндетті түрде өзге тілдермен ықпалдаса отырып, дамуға тиіс.

Жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Қазақ жазуы мен әліпбиі тарихында А.Байтұрсынұлының араб графикасын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бейімдеп жасаған әліпбиі мен жазу теориясының маңызы зор. Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы» деп аталған араб

таңбалы жазуды XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап латынға ауыстыру науқаны басталды. Бұл қарекет, әрине, жеке-дара қазақ мәдениетінде емес, түріктер мен әзірбайжандарда басталып, татар, қазақ, өзбек, қырғыз, ноғай т. б. саяси-мәдени өмірінде белсенді түрде орын алғаны белгілі.

Ұлттық төл алфавиттің болуы – ұлттық дыбыстық ерекшеліктерімізді бұзбай таза сақтаудың және оны дамытудың жалғыз ғана кепілі. Табиғаты жат бөтен халықтардың дыбыстық ерекшеліктеріне арналған алфавиттердің қайсысы болса да біздің дыбыстық мүмкіндігімізге сәйкеспейді, соның салдарынан ұлтымыздың дыбыстық жүйесі бұзылады. Латын алфавитіне көшуді жақтаушылар оның осы заманғы ғылыми техникаға икемділігін басты назарда ұстайды. Соның ішінде компьютерге кіргізуге қолайлы дегенді алға тартады. Алайда, бұл басты шарт емес. Жазудың қолайсыздығы жағынан дүниеде алдыңғы орында тұратын елдер Қытай, Жапон, Корей елдері. Мысалға қытайды алсақ, олар иероглифтерінің санына өздері әлі жеткен емес, қанша сөз болса сонша иероглиф бар. Бірақ олар біздің жазуымыз компьютерге кірмейді деп өздерінің тарихи жазуларынан жерінген жоқ, керісінше, жазуларын компьютерге кіргізе білді.

Әрине, латын гарафикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау жөніндегі шешім қабылданды. Елбасының жарлығы да шықты. Бұл үлкен көш, замана көші, біз сол көштен қалмауымыз керек. Ал латын әліпбиіне көшу арқылы біз әлеммен жақындасуға, әлеммен байланыс орнатуға мүмкіндік аламыз деп ойлаймын. Дегенмен қоғамда талқылау әлі аяқталған жоқ. Қазіргі қабылданған нұсқаны елдің барлығы да бір ауыздан қолдады деп айтуға болмайды. Мысалы диграф емес, апостроф емес, диакритикалық нұсқаны ұсынып жатқандар да бар. Яғни бір әріп – бір таңба заңдылығын да ұсынып отырғандар көп. Бәлкім біз уақыт өте келе осы нұсқаға да келуіміз мүмкін.

Президент өзі айтқандай саты сатымен көшу барысында әліпбидің кем-кетігі, олқы тұстары анықталады, сол кездерде біз «жоқ, мына нұсқаны әлі де былай жетілдіре түсуге болады екен» деген сияқты қоғамдық шешімге келуіміз мүмкін. Ал қазір «бітті, кетті, енді тек қана апострофпен жазатын болдық, әріптің, сөздің, сөйлемнің төбесінде нүктелер, үтірлер көбейіп кетті» деп алаңдаушылық білдіріп жатқандар да бар. Олармен де келісуге болады. Өзіміздің төл дыбыстарымыздағы дәйекшелердің көптігі ертең оқып отырған адамға да кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан біз әлемдік тәжірибеге негіздеп, әсіресе БҰҰ тілі болып саналатын француз, ағылшын, италиян тілдеріне қарайтын болсақ, олар латын таңбасын өздерінің негізгі дыбыстарына ыңғайлап, диакритикалық белгілерді қолданады. Біз де уақыт өте соған келуіміз ықтимал деп ойлаймын.

Біріншіден, ең басты кедергі – апострофты нұсқадағы әріп жанындағы үтірлердің де бір әріптің орнын алуы, буынға бөлінбеуі және интернеттен қазақша дерек іздеу барысында қабылданбайтындығы болып тұр. Алғашқы диграфты нұсқаға қарсылар да, кейінгі қабылданған үтірлі нұсқаға қарсылардың да көпшілігі осындай әріптердің үстіне ноқат немесе үтір

қойылатын, яғни диакритикалық нұсқаны қалайтындықтарын жазып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев та жаңа әліпби туралы көпшіліктің пікірінің ескерілуі керектігін атап өтті. Тәуелсіздігін ала салып, латынға көшкен Өзбекстанның өзі әліпбиін 4 рет өзгертті. Тәжікстан мен Түркіменстан да бірнеше рет әліпби өзгерткен. Бізде де мұндай тілдік реформа болады деп ойлаймын.

Кез келген мәселеге бүгінгі және келешек уақыт тұрғысынан қарауға болады. Олай болса, біз өз тіліміздің тағдыр-талайына бейжай қарай алмақ емеспіз. Бұл – шындық. Турасын айтқанда, тіл – халықтың өзегі, болмысы, байлығы. Қазір әлемді «жаһандану үдерісі» қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Бұл әрбір халықтың ұлттық мәдениетіне, оның мазмұнына айтарлықтай кері ықпал етеді. Ал тіл туралы айтар болсақ, жаһандану – ұлт тіліне де қауіп төндіреді. Демек, мұндайда біз өз тілімізді он есе, жүз есе қорғауға күш салуымыз керек. Қазір тіл мәселесінде жайбарақат отыратын заман емес. Мәселені тамыршыдай тап басып, кірпік қақпай, көз ілмей отыратын заман. Шекараның күзетшісі болатыны сияқты, тілге де күзетші керек. Ал түп мәніне үңіліп қарасақ, тілдің басты күзетшісі халықтың өзі болуы тиіс. Шынтуайтына келгенде, тілден асқан байлық жоқ. Бүгінгі «байлық» деп жүргеніміздің бәрі тілдің жанында жай нәрсе болып қалуы мүмкін. Өйткені тіл ұлттың басты байлығы ғой. Бір-бірімізбен қазақша сөйлесіп, қазақша түсінісіп отырғанымыз қандай бақыт. Мұндайда тек-тамырдан қол үзілмейді, ұлттық жадымыз сақталады, рухымыз өшпейді, санамыз тұмшаланбайды, болмысымыз бұзылмайды. Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт бостандығы болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал, ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген сөзімен ойымызды тиянақтай кетейік [3, 187].

Бүгінде мемлекеттік тілдің маңызын көпшілік түсініп қалды деп айтуға негіз бар. Себебі қазақ тіліне деген ықылас пен ниет бұрынғыдай емес. Әсіресе, жастардың арасында бұл үрдіс жақсы қолдау тауып жүргенін байқаймыз. Осы ретте бір мысалды айта кетсем. Жуырда әлеуметтік желіде сол жас азаматтар бір-біріне үндеу тастап, «қазақша сөйлесейік, ұялмайық, акцентпен болса да сөйлейік» десті. Аталған бастама тіл үйренуге ниеті бар, азды-көпті қазақша білетін, бірақ таза сөйлей алмағаннан кейін белгілі бір дәрежеде сонысынан қысылып-қымтырылатын, сонымен қатар орысша араластырып сөйлейтін азаматтардың арасында кеңінен насихатталып, игілікті сипат алды. Мұндай бастамаға өзге ұлт өкілдері де атсалысып, қазақша сөйлесейік деген ойларын білдірді. Бейнежолдауларды тындап отырып, қазақ тіліне деген құрметтің артып келе жатқанына көзіңіз жетеді. Жастар қауымы табиғатынан бастамашыл, ортаға жақсы идея, өміршең ұсыныс тасталса оны жалғастырып әкететін қасиетімен ерекшеленеді емес пе?! Осындай көзқарас қазақ тілінде сөйлеуге шақырғанда айқын көрінді. Бұл нені білдіреді? Бұл қоғамда мемлекеттік тілге деген азаматтық сананың өсіп келе жатқанын білдіреді. Кейбіреулердің «Мен осы елде туып-өстім, осы

елде білім алдым, демек, мен қазақ тілін білуім керек» деген сөздері патриоттық сана-сезімнің қалыптаса бастағандығының да бір белгісі.

Латын негізді қазақ жазуы – қазақтың дербес ұлт екендігін сездіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін және ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік беретін құрал. Латын әліпбиі қазақ халқының тілін, рухын, ділін сақтайтын мәдени элемент болу үшін тілді компьютерге емес, компьютерді тілге икемдеуді дұрыс деп есептейміз.

Латын графикасына көшу қазақ тілін әлемдік өркениет кеңістігінде ұтымды интеграциялауға, оның коммуникативтік мәртебесін жаңа геосаяси деңгейге көтеруге және ғылыми-техникалық прогресс орталығына енуге мүмкіндік береді. Латын таңбасына негізделген қазақ әліпбиін жасаудағы басты бағдарымыз саяси-әлеуметтік, тілдік рухани талаптар. Сонда ғана ол бәсекеге қабілетті, тілдік прагматизмді күшейтетін қазақ тарихындағы ең қолайлы, озық әліпбиге айналады.

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де артып келеді. Дүниежүзінде латын әліпбиі қолданылмайтын сала кемде-кем. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның жетістігі. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға да сай болуы керек. Латын әліпбиі осы талаптарға да сай келеді, сондықтан оның осындай артықшылықтарын ескеріп, әлемнің озық елдері игілігін көріп отырған латын әліпбиіне біз де көшуді жөн көрдік. Біздіңше, ең алдымен, латын графикасына өтудің дара жолын саралап алғанымыз дұрыс болар еді. Сол себепті осы бастан, балабақшаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында латын әріптерін жазуды үйрететін пән – каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет. Ең алдымен, латын әрпін сауатты жазатын, оқи алатын мамандар дайындау ісін кешіктірмей қолға алу керек. Әркім осынау қайырлы іске өз үлесін қосса, көп кешікпей жемісін береді деген үміттеміз.

Заман талабына сай – бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білім салтанаты, эволюциялық даму және сана ашықтығы болса, осылардың діңгегі, іргетасы, мазмұны әрі формасы – тіл екені бесенеден белгілі. Олай болса, латын негізді қазақ жазуының реформасы – рухани жаңғыруымыздың белортасы, шешуші факторы, терең мәнге ие бастама. Бұл тек қана тілдің реформасы емес – діл реформасы, жанымыздың жаңғыруы, маңызды стратегиялық бағдарлама. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұлағатты пайымның ұлыстық, этностық шеңберінен шығып – ұлттық, мемлекеттік, азаматтық мәртебеге ие болуының айқын айғағы. Бұл – болашағымыздың тізгінін өз қолымызға алудың, Президент сөзімен айтсақ, «болашаққа бағдар», «рухани жаңғырудың» өзегі, Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарында сап түзеуінің жарқын кепілі. Жазуды жаңғырту – тілді жаңғырту, тілді жаңғырту – елді жаңғырту.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 б. 430-б
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
3. Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар.–Т.1.–1998.–512б.